

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

4. Итоги круглого стола «Цифровая трансформация Казахстана и роль IT -аудита», Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
5. 6B06108 IT – аудит в ЕНУ им. Л. Н. Гумилева /[Электрондық ресурс]URL:<https://univision.kz/edu-program/385.html>
6. «Бәйтерек» холдингінің вакансия бөлімі/[Электрондықресурс]URL: <https://baiterek.gov.kz/ru/o-kholdinge/>
7. Методика проведения аудита информационных систем в дочерних и зависимых организациях АО «Самрук-Казына»/[Электронный ресурс] URL:<https://sk.kz/upload/iblock/33d/33d6d6158e36dbca8b170cf0924b83fb.pdf>

УДК 336.051

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕРДІҢ АУДИТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Серікқызы Талшын

talshynserikova@mail.ru


«Мемлекеттік аудит» БББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.К.Жахметова


Мемлекеттік аудит саласында кез келген кәсіпорынның қаржылық жай-күйін бағалау кезінде оның қаржылық есептілігі маңызды рөл атқарады. «Қазақтелеком» АҚ активтері бойынша қаржылық есептілігін талдау арқылы кәсіпорынның активтеріне қатысты мәселелерін қарастыруға болады. «Қазақтелеком» АҚ 2022 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі мәліметтерін пайдалана отырып айналым және айналымнан тыс активтерінің көрсеткіштерін талдау, салыстыру арқылы кәсіпорынның экономикалық жағдайын анықтау және тиімділігіне баға беріп, сондай-ақ еліміздің экономикасындағы рөлін анықтай аламыз. Осы орайда, кәсіпорынды үйлесімді басқару, маңызды қаржылық шешімдер қабылдау үшін қаржылық жағдайын талдау және қаржылық есептілікті халықаралық стандарттарға сәйкес жасау маңызды мәселе болып табылады.

Ұзақ мерзімді активтер аудитінің мақсаты қаржылық есептілікте көрсетілген ұзақ мерзімді активтер туралы ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы туралы аудиторлық пікірді қалыптастыру болып табылады. Ұзақ мерзімді активтер аудиті кезінде мемлекеттік аудитор бірнеше құжаттарға негізделі отырып, аудит жүргізеді. (1-сурет) [1]



Сурет 1. Ұзақ мерзімді активтер аудиті кезінде мемлекеттік аудитор негізделетін НҚА тізімі


«Қазақтелеком» АҚ 2022 ж. шоғырландырылған қаржылық есептілігі мәліметтері бойынша активтер көлемін (2-сурет) және анықтауға болады.



Сурет 2. "Қазақтелеком" АҚ 2019-2022 жж. активтерінің көлемі, мың тг

2-суретте мәліметтерге сәйкес активтер көлемі соңғы төрт жылғы көрсеткіштер бойынша бірқалыпты артып келе жатқаны байқалады. Атап айтар болсақ, 2022 жылғы активтер 2021 жылға қарағанда 4,2%-ға өскен. «Қазақтелеком» АҚ-да 2022 жылы жалпы активтерінің көлемінің ішінде 939 567 млн. теңге айналымнан тыс активтерінің көлемі болса, ал 184 164 млн. теңге айналым активтеріне тиесілі болып отыр. [2]

«Қазақтелеком» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша ұзақ мерзімді активтерін қарастырайық (3-сурет).



Сурет 3. "Қазақтелеком" АҚ 2022 ж. шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша ұзақ мерзімді активтерінің үлесі, %

"Қазақтелеком" АҚ ұзақ мерзімді активтерінің көп бөлігі негізгі құралдарға тиесілі. Яғни, 1-суретте көрсетілгендей жалпы үлестің 84,5 %-ын алады. Мемлекеттік аудиторға негізгі құралдардың іс жүзінде бар екендігі және есеп пен қаржылық есептілікте тиісті түрде көрсетілгені туралы жеткілікті және тиісті дәлелдемелерді алу қажет. Мемлекеттік аудиторға

негізгі құралдардың құрамы мен құрылымын зерделеу, оларды мойындау, теңгерімдік құнын, амортизациялық аударымдарды және құнсызданудан болатын шығындарды айқындау дұрыстығын тексеру қажет.

Ал ең төмен көрсеткіштерге инвестициялық мүлік (0,1 %) жатады. Мемлекеттік аудиторға қаржылық есептілікте көрсетілген инвестициялық жылжымайтын мүлік туралы ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы туралы жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу қажет. Мемлекеттік аудитордың инвестициялық жылжымайтын мүліктің Есептік саясатқа және Бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларына сәйкес тану өлшемшарттарына жауап беретін айқындау үшін жалға берілетін жылжымайтын мүліктің жалпы ауданы және үй-жайдың ауданы туралы мемлекеттік мүлікке иелік ету жөніндегі уәкілетті органға сұрау салуды жүзеге асыра отырып, аудит объектісі жалға беретін мүлік туралы сыртқы ақпараты болу қажет.

Сонымен қатар, бұл жылы қауымдастырылған ұйымдарға инвестициялар көрсеткіші қарастырылмағандығы байқалады. Қауымдастырылған ұйым – бұл қызметіне Компания елеулі ықпал ететін, яғни инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдерді қабылдауға қатыса алатын, бірақ осы саясатты бақылай алмайтын немесе бірлесіп бақылай алмайтын өкілеттілігі бар ұйым. Мәселен, 2020 жылғы 5 қарашада «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі «QazCloud» ЖШС жарғылық капиталына 529 392 мың теңге мөлшерінде қосымша инвестициялық жарна енгізу туралы шешімді мақұлдады. Ал 2022 жылғы мәлімет бойынша компанияда бұндай іс-шаралар қарастырылмаған.

Ұзақ мерзімді активтерге аудит жүргізген кезде алынатын көптеген аудиторлық дәлелдемелер көздерін қарастыруға болады. Оларға мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспары; Бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомының қосымшаларына сәйкес негізгі құралдар мен инвестициялық жылжымайтын мүлікті қабылдау-тапсыру (орналастыру) актісі; негізгі құралдарды, инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығару актісі; автокөлік құралдарын есептен шығару актісі; мемлекеттік мекемелерде негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алудың түгендеу карточкасы; мемлекеттік мекемелерде негізгі құралдарды, инвестициялық жылжымайтын мүлікті топтық есепке алудың түгендеу карточкасы; мемлекеттік мекемелерде ұзақ мерзімді активтерді есепке алу бойынша түгендеу карточкаларының тізімдемесі; «Бас журнал» кітабы және т.б.

Компанияның халыққа сапалы өнім немесе қызмет ұсынуында активтерінің алатын орны ерекше. Яғни тұтынушылардың қажеттіліктерін жеткілікті мөлшерде қанағаттандыру үшін жаңа заман талабы сай келетін заманауи технологияларды қолдануға және пайдаланылу аясын кеңейту назар аудару керек. «Қазақтелеком» АҚ жыл сайын өз мүмкіндіктерін арттырып келе жатқанымен, қарастырылуы тиіс бірқатар мәселер жатыр. Әрине, бұған еліміздің экономикалық саясаты мен орын алып жатқан төтенше оқиғалар әсерін тигізеді. Мәселен, ең ауқымды еліміздегі «Қанды қаңтар» оқиғасы және Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығыс.

2022 жылғы 2 қаңтарда елімізде орын алған наразылықтар кезінде Алматы қаласы мен Алматы облысында, Шымкент және Ақтөбе қалаларында орналасқан «Кселл» алты дүкені, «Altel/Tele2» төрт дүкені тоналды, сондай-ақ екі ірі офисіне шабуыл жасалды. Аталған залалдың сомасын шамамен 727,070 мың теңгеге бағаланған. Сондай-ақ, 2022 жылғы ақпанда Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығыс салдарынан батыс елдерінің көпшілігі тарапынан Ресей Федерациясына қарсы санкциялар жарияланды. Бұл санкциялар Ресей Федерациясына экономикалық кері ықпал етуге бағытталған. Геосаяси шиеленістің артуына байланысты 2022 жылғы ақпаннан бастап қор және валюта нарықтарында құбылмалылық айтарлықтай өскені, сондай-ақ АҚШ доллары мен еуроға қатысты теңге бағамының едәуір түскені байқалады. [3]

Осы сынды жағдайлардың болуы компанияның қызметі мен табысына айтарлықтай зиян тигізеді. Демек, компанияның экономикалық тұрақты даму сатысында осындай қауіп-қатерлерге дайын болуы және олардың алдын ала білуі өте маңызды. Ол үшін, мекеменің

активтерін басқаруға көп көңіл бөлінгені жөн. «Қазақтелеком» АҚ өз алдындағы мәселелерін шешуде шетелдік тәжірибелерге жүгінуі және активтерін тиімді пайдалануды жүзеге асыруды көздеуі қажет. Мәселен, біріншіден қолданыстағы құрал-жабдықтарын сапалы замануи технологияларға ауыстыру; екіншіден, қолданыстан тыс немесе жарамсыз активтерді жалға беру немесе сату арқылы компания табысын арттыру. «Қазақтелеком» АҚ активтерін басқаруды жақсарту арқылы өз міндеттерін жоғары деңгейде орындауға және сапалы қызмет көрсетуге жағдай жасай алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қаржылық есептілік аудиті» рәсімдік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 272 бұйрығы. [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015209>
2. «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы» ресми сайты [Электронды ресурс]. URL: <https://telecom.kz/kk/>
3. «Қазақтелеком» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігі [Электронды ресурс]. URL: <https://clck.ru/39dL56>

УДК: 336.5

АУДИТ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ БЮДЖЕТНЫХ СРЕДСТВ НАПРАВЛЕННЫЙ НА РАЗВИТИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ В РК

Сиразетдинова А.И.

sirazetdinova02@gmail.com

студент 2 курса ОП «Государственный аудит»

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, город Астана, Казахстан

Научный руководитель – Шахарова А.Е

В современном мире государственный аудит играет ключевую роль в обеспечении динамичного роста качества жизни общества и национальной безопасности страны. Контроль и проверка деятельности позволяет повышать эффективность целевого направления бюджетных средств. Одной из важных отраслей и объектом внимания является государственный орган – Министерство Здравоохранения РК и его реализация исполнения выделенных средств. Здравоохранение является одним из ключевых приоритетов государственной политики, поскольку обеспечение доступа к качественным медицинским услугам оказывает непосредственное влияние на здоровье и благополучие граждан. В контексте эффективного управления здравоохранением и оптимального использования бюджетных средств становится крайне важным проведение анализа эффективности расходов.

Основываясь на следующих нормативно-правовых документах, формируются направления:

1. Национальный проект "Качественное и доступное здравоохранение для каждого гражданина "Здоровая нация" 2021-2025. Постановление: 12 октября 2021 года. Утратило силу: 22 сентября 2023 года
2. Концепции развития здравоохранения Республики Казахстан до 2026 года. Постановление: 24 ноября 2022
3. Об утверждении Плана развития Министерства здравоохранения Республики Казахстан на 2023-2027 годы от 27 января 2023 года

Основными целями стратегии является предоставление качественных медицинских услуг, а также повышение доступности для населения. Расходы по здравоохранению составляют около 10 процентов от общих расходов, основываясь на данных в Таблице 1: